

Анықтама

Шет тілі пәнінен нөлдік білім кесімі жұмыстарын тексеру қорытындысы

Өткізілген уақыты: 11.09.-14.09.2023ж.

Бақылаушы: шет тілі пәні бірлестік жетекшісі Райкулова С.

Тақырыбы: Шет тілі пәнінен оқушылардың нөлдік білім кесімі бойынша жүргізілген жұмыстарды бақылау

Мақсаты: Шет тілі пәнінен оқушылардың нөлдік білімін бақылау, оқушылармен жүргізілген жұмыстың тиімділігін тексеру, оқудағы кедергілер мен қиындықтарды анықтау, нәтижелерін бағалау, шешу жолдарын қарастыру, жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар жасау.

Шет тілі пәні бойынша 3-4 сыныптардан сәйкестендіру тапсырмалары, жазылым бойынша етістіктің дұрыс формасын сөйлемдерге жазу және суреттермен жұмыс тапсырмалары алынды. 5-11 сыныптар аралығында грамматикалық тест жұмыстары, оқылым бойынша мәтінмен жұмыс және жазылым бойынша сұраққа жауап жазу тапсырмалары алынды.

3-сыныптар бойынша шет тілі пәнінен нөлдік білімін анықтау мақсатында сәйкестендіру жұмысы алынды. Оқушылардың басым көпшілігі сұрақтардың дұрыс жауаптарын сәйкестендіре білді. Грамматикалық тапсырмаға “have or has” етістігінің қажеттін жазуда ішінара оқушылар қателіктер жіберген. Суреттерге қарап мамандықтарды жазуда кейбірі қателескен. Оқу жылы барысында оқушылардың жазу каллиграфиясын түзететін тапсырмалармен жұмыс жасау және сөздік қорларын кеңейтетін тапсырмаларды көптеп беру жоспарланып отыр.

4-сыныптар бойынша сөздік қорларын тексеру барысында 15 тест сұрақтары алынды. Оқушылардың басым көпшілігі дұрыс жауап берген. Кейбір оқушылар тіркесті сөздердің аудармасын табуда қателіктер жіберген. Алдағы уақыттарда оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін жақсартатын, сөздік қорларын кеңейтетін тапсырмаларды әр сабақта қолдану жаспарлануда.

5-сыныптар бойынша өтілген грамматикалық тақырыптарға байланысты тест жұмыстары мен сұраққа жауап жазу тапсырмалары алынды. Тест тапсырмаларында көпшілігі Present Continuous шақтарын дұрыс қолдануда, есімдіктерді таңдауда және модальды етістіктердің сұраулы түрін таңдауда қателіктер жіберген. Сұраққа жауап жазу тапсырмаларын орындауда көпшілік оқушылар дұрыс жауап жазған, ал кейбірі 3-4 сұраққа жауап жазумен шектелген. Алдағы уақыттарда грамматиканы қайталап отыратын тапсырмаларды беру және дұрыс сөйлемдер құрастыра алуға дағдыландыратын тапсырмалар орындату жоспарланып отыр.

6-сыныптар бойынша оқушылардың грамматикалық сауаттылықтарын тексеруге байланысты тест жұмыстары, оқылым бойынша True, False, Doesn't say белгілеу тапсырмасы және берілген бес сұраққа екі-үш сөйлеммен жауап жазу тапсырмалары алынды. Кейбір оқушылар шылау сөздерді дұрыс белгілемеген, етістіктің болымсыз формаларын таңдауда қателіктер жіберген. Сонымен қатар басым көпшілігі сұраққа бір сөйлеммен жауап жазумен шектелген. Алдағы уақыттарда етістік шақтарына байланысты тапсырмалар алу, сөздік қорларын кеңейтіп дұрыс сөйлемдер құрастыруға үйрететін жұмыстарды беру жоспарланып отыр.

7-сыныптар бойынша грамматикалық сауаттылықтарын анықтайтын тест тапсырмалары, мәтінмен жұмыс және сұрақтарға жауап жазу жұмыстары алынды. Тест тапсырмаларында оқушылардың көпшілігі етістіктердің қажетті формаларын таңдауда қателіктер жіберген. “About Tolkien” мәтінін оқып, дұрыс жауапты таңдауда мәтіннің мағынасын дұрыс түсінбегендіктен кейбір оқушылар қате жауаптарды белгілеген. Жазылым тапсырмасында сұрақтарға жауап жазу барысында қысқа жауап жазумен шектелген. Оқу жылы барысында етістіктің шақтарына байланысты тапсырмаларды көптеп алу, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытатын тапсырмалармен жұмыс жасау жоспарлануда.

8-сыныптар бойынша тест тапсырмалары, мәтінмен жұмыс және сұраққа жауап жазу тапсырмалары алынды. Грамматикалық тест тапсырмаларын орындауда кейбір оқушылар бұрыс етістіктің өткен шақ формасын, сын есімнің шырайларының қажетті формасын дұрыс белгілемеген. Мәтінмен жұмыс жасауда ішінара оқушылар мәтіннің мағынасын түсінбегендіктен сөйлемдерді дұрыс / бұрыстығын белгілеуде қателіктер жіберген. Алдағы уақыттарда оқушыларға етістіктің шақтарын ажырата білуге арналған тапсырмалар беру және ойлау дағдыларын дамыту жолдарын қарастыру көзделіп отыр.

9-сыныптар бойынша грамматикалық тест тапсырмаларын алуда етістік шақтарынан, демеуліктердің қажеттісін қоюда қателіктер жіберген. Сұрақтарға жауап жазу барысында жазу каллиграфиясы төмен және ашық сұрақтарға қысқа жауап жазып шектелген. Оқу жылы барысында оқушыларға тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып сөздік қорларын дамыту және өз ойларын толық жеткізе алуға үйрету жоспарланып отыр.

10-сыныптар оқушыларынан өткен грамматикаға байланысты 20 сұрағы бар тест және мәтінді оқып сұрақтарға жауап жазу тапсырмалары алыну барысында басым көпшілігі тест тапсырмаларын дұрыс белгілеген. Сұраққа жауап жазуда кейбір оқушылар сөйлемнің орын тәртібінен қателіктер жіберген, ал кейбірі екі-үш сұраққа жауап берумен шектелген. Алда оқушылардың ой-өрісін дамытатын тапсырмалармен жұмыс жасау жоспарлануда.

11-сыныптар бойынша грамматикалық тапсырмаларға арналған 20 сұрағы бар тест жұмысы, оқылымға “Cambridge University” тақырыбындағы мәтінмен жұмыс жасау және жазылым тапсырмасына 5 сұраққа жауап жазу тапсырмалары алынды. Оқушылардың басым бөлігі тест сұрақтарына дұрыс жауап берген. Кейбір оқушылар модальды етістіктердұрыс таңдау мен төлеу сөзге айналдыру тапсырмаларында қателіктер жіберген. Сұраққа жауап жазуда көпшілігі ашық сұрақтарға толық ойларын жазып бере алмаған. Алдағы уақыттарда ойлау қабілеттерін дамытатын тапсырмалармен жұмыс жасау және дұрыс сөйлемдер құрастыра алуға үйрететін тапсырмаларды дайындау жоспарланып отыр.

Ұсыныстар:

1. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу.
2. Оқушылардың грамматикалық сауаттылықтарын жақсарту.
3. Жаңа сөздерді жаттатып, сөздік қорларын кеңейту.
4. Қатесіз оқуға дағдыландыру.
5. Дұрыс сөйлемдер құрастыра алуға үйрету.

Нөлдік білім кесімі мониторингі
2023-2024 оқу жылы
Шет тілі
3-сынып



Пән мұғалімдері:

3А сынып: Г.Менликулова, Б.Ермекбаева

3Ә сынып: Б.Ермекбаева, М.Тұрсынбай

3Б сынып: М.Тұрсынбай, А.Аяганова

3В сынып: Г.Куралбаева, М.Динашева

3Г сынып: Б.Ермекбаева, Р.Тулегенова

Шет тілі
4-сынып



Пән мұғалімдері:

4А сынып: А.Канаева, Ш.Калдыбаева

4Ә сынып: А.Нусерова, Л.Мусаева

4Б сынып: А.Канаева, Л.Мусаева

4В сынып: А.Канаева, Г.Турекулова

4Г сынып: А.Канаева, Н.Рабилова

Нөлдік білім кесімі мониторингі
2023-2024 оқу жылы
Шет тілі
5-сынып



Пән мұғалімдері:

5А сынып: Г. Куралбаева, А. Аяганова
 5Ә сынып: Г. Турекулова, Г. Куралбаева
 5Б сынып: Г. Турекулова, А. Канаева
 5В сынып: Г. Турекулова, А. Аяганова
 5Г сынып: Г. Турекулова, А. Аяганова

Шет тілі
6-сынып



Пән мұғалімдері:

6А сынып: Г. Менликулова, М. Динашева
 6Ә сынып: Г. Куралбаева, Д. Құдияр
 6Б сынып: Г. Менликулова, Д. Құдияр
 6В сынып: Г. Менликулова, М. Динашева
 6Г сынып: Г. Менликулова, М. Динашева
 6Ғ сынып: Г. Менликулова, М. Динашева